

Ә.Ж. АХАНТАЕВА

ҚазҰАУ, «Қоғамдық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ. к.

XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ПЕРОВСКИ МЕН ҚАЗАЛЫ УЕЗІ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ДИҚАНШЫЛЫҒЫ

Аннотация

Мұрағаттық материалды мен жазбаша статистикалық дереккөздер негізінде XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы Сыр бойындағы Қазалы мен Перовск уезі қазақтарының егіншілікті игеруі мен оны уралы.

Кілт сөздер: ғасыр, егіншілік, хандықтар, көшпелі, мал шаруашылығы, егіншілік, шабуыл, қауіп

Ключевые слова: век, земледелие, ханства, кочевники, скотоводство, сельское хозяйство, набеги, опасность.

Keywords: century, agriculture, khanates, nomads, cattle breeding, agriculture, raids, danger.

Жалпы XIX ғасырдың өзінде егіншіліктің гүлденуіне Қоқан, Хиуа, Бұқар хандықтарының үстемдігі көптеген қиындықтар туғызды. Орыстар Сыр бойын осы хандықтар тәуелділігінен босатқанына дейін Орта Азия хандықтары қазақтарға өз ойына келгенін істеді.

XIX ғасырда Ферғана, Бұқар хандықтарынан басқа Қоқан хандығы пайда болды. Қоқан хандығының негізін Әлім хан 1807 жылы салып, 1817 жылға дейін хандық билік құрған. Әлім хан Қоқан хандығына қыпшақтар билігіндегі Ташкент, Шымкент, Ұратөбені қаратып қосып алды. Әлім ханның мирасқоры Омар Қоқан хандығының иелігін кеңейту мақсатында Сырдың төменгі ағысындағы біраз жерлерді және Түркістанды жаулап алды. Омар хан осы жерлерде өз билігін мықтап орнату үшін бекініс қорғандар тұрғызды, олар: Дінқорған, Жөлек, Қамысқорған, Шымқорған, Қышқорған, Ақмешіт. Осы бекіністердегі қазақтарға көшпелі мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысатындарына да өз биліктерін жүргізіп, ауыр салықтар салып күн көрісін қиындатты.

1854 жылы Қоқан бекіністерін [Ақмешітті, Жөлекті, Жаңақорғанды және т.б.] алғаннан соң Сыр бойының қазақтары Ресей құрамына енеді. Артта қалған феодалдық-отаршыл Хиуа және Қоқан хандықтарына қарағанда, қоғамдық-экономикалық құрылысы жоғарырақ Ресейге қосылу Сыр бойы қазақтарының тіршілігіне және бәрінен бұрын олардың шаруашылығына жан-жақты әсер етті. Бәрінен бұрын Хиуа мен Қоқандықтардың шабуылдау қаупі тарады, екінші жағынан орыс билеушілері «барымтаға» қарсы белсене күрес жүргізді. Дала материалдарынан егіншіліктің қарқынды дамуы осы аудандардың Ресейге қосылғаннан кейін басталғаны көрініп тұр (**АӨЖМ – Автордың өзі жинаған материалдары**), дегенмен алғашқы жылдары ол бірқатар қиындықтарға да кез болды, олардың ең бастысы, В.В. Бартольд жазғандай «... Перовский сияқты орыс

билеушілерінің кейбіреулері қазақтардың мал шаруашылығының Ресей үшін маңызы зор деп есептеп, тіпті қазақтардың егіншілікке көшуіне қарсы әлімжеттік шаралар қабылдады да басқалары, Катенин сияқты, керісінше, егіншілікті қолдады ...» [1, с. 295–296]. Сондықтан Сыр бойы аудандары Ресейге қосылысымен Қазалы, Қармақшы, Перовск форттарын салған кезде солардың айналасындағы жыртылған жерлер мен пішендіктер Перовскийдің бұйрығы бойынша қазақтардан тартып алынып, ауып келгендер мен казактарға беріледі, бұл соңғылардың қазақтармен қақтығысына алып келді. Сырда судың көбеюіне байланысты Карабөгет бөгеті бұзылып, судың барлығы Жаңадария арнасына ауып кетті де Сырдың суы азайып, Ақмешіт айналасында егіншілікпен айналысқан қазақтар егін егу үшін көшулеріне тура келді: «... С отделением воды в р. Яны-Дарию, киргизы, занимающиеся хлебопашеством близ Ак-Мечети, лишённые возможности орошать поля свои, будут вынуждены перекочевать в Хивинское владение и заводить там свои пашни ...» [2, л. 359].

Орыс әкімшілігі өз жерлерін қазақтардың қолдарымен өндеп, өздері жеңіл кәсіптермен айналысқандарына қарамастан, ауып келгендерді қолдады: «... Тасымалмен және жеңіл саудагерлікпен, оның үстіне олар арықтардың бастауларында орналасып алып, оларды тазалаудың, жөндеудің орнына қазақтардың егіндіктеріне суды ақы алып жіберетін болды ...» [3, с. 127]. «... Міне, осындай жағдайлар [яғни қазақ егіншілеріне – Ә.А.] және ауып келген орыстардың казактық сараңдығы... атақты Жанкожаның туының астына Сыр халқының жиналып бас өтуіне себеп болды ...» [4, с. 133].

Көтеріліс Сырдарияның төменгі жағын қамтыды, басқа аудандардан қолдау болған соң ол тез тұншықтырылды. Көтерілген ауылдар аяусыз тоналды. Казак жасақтары тұрғындардың малын тартып алды, тек қана 20 мың бастан аса ірі қара мал айдалып кетті . Көтерілісшілердің бір бөлігі өз отбасыларымен Хиуа хандығына қашты, бұл егіншілер мен егін алқаптарының санына әсер етті. Көтерілістен соң патша әкімшілігі қазақ егіншілерінің мүдделерімен санаса бастады, оның үстіне жер ауғандар олардың сенімдерін ақтамады, сондықтан, Орынбордың шекаралық комиссиясының төрағасы Григорьев 1862 жылы өлкенің бастығына былай баяндады: «... Сыр бойына ауып келген орыс егіншілері астық егуді дамытпақ тұрмақ, қазақтардың да дамытуына кедергі келтіріп отыр ...» [5, с. 127]. Расында да, суғармалы егіншілікпен таныс емес ауып келгендерге онымен айналысу қиынға түсті және де олардың көпшілігі орыс- казактар еді, оларды шаруашылық жасаудан гөрі әскери міндеттері алаңдата берді. Сондықтан азықты қамбаға жеткізушілер негізінен егіншілер болды. Мысалы, 1859–1860 жылдары жаппас руынан және қыпшақ тайпасынан шыққан егіншілер әскери бөлімдерге 5000 пұт [6, л. 4], ал 1862–64 жылдар 25000 пұт аршылған арпаны жеткізіп берді.

Көтерілістен кейін өкімет басындағылар қазақтардың егіншілікпен айналысуын қолдай бастады, өйткені жол жоқ кезде Орал жағынан азық жеткізу қазынаға өте қымбатқа түсті. Осы мақсатпен Сырдария желісі қолбасшысының бұйрығы бойынша 1863 жылы жекелеген ру басыларына 13 ағаш және 2 темір соқа берілді [6, л.13–14]. Ауылшаруашылық саймандарының мұндай саны, әрине, егіншіліктің дамуына көп әсер ете алмайтын еді, дегенмен ол әкімшілік қатынасының өзгергенін көрсетті, бұл Сыр бойындағы егіншілікке жақсы жағдай жасады.

Сыр бойындағы аудандар Ресейге қосылғаннан кейінгі егіс алқаптары мен егіншілер санының жылдам өсуі статистикамен дәлелденген.

Л. Мейер, штабс-капитан Старковтың мәліметіне сүйене отырып, 1860 жылы Сыр бойында 5150 десятина бидай, 5150 десятина арпа, 10300 десятина тары, барлығы 20600 десятина астық еккен, 10295 егінші отбасыларының болғанын айтады. Жиналған астықты Старков 2163000 пұт деп бағалаған [7, с. 108]. Старковтың деректерін автор Сыр бойы қазақтарының басқармасы Осмоловскийдің және оның көмекшісі әскери старшын Карамышевтің берген мәліметтері арқылы жалғанға шығарып, азайтылып көрсетілген деп санайды. Олардың деректері бойынша: «... 1860 жылы егіншілердің Сырдария бойында 8350 отбасылары болды, оның үстіне әр шаңырақта орта есеппен екі жұмысшыдан деп есептеп, олар 100000 десятина жерге астық еккен және 4 млн. 814 000 пұт жинап алды деп болжамдайды [7, с. 110].

Автор Осмоловский мен Карамышевтің мәліметтерін шындыққа жанасады, дегенмен мұнда да азайтылып көрсетілген, ал шынында астық салу жағдайы өте жақсы болды дейді ...».

1 – кесте. Осмоловский мен Карамышевтің егіншілер саны туралы жылға бөліп берген деректері [7, с. 109].

Жылдар	Перовск ауданындағы егіншілердің түгін саны	Қазалы ауданындағы егіншілердің түгін саны	Барлығы
1857	2472	-	2472
1858	3324	7650	10974
1859	5218	6872	12090
1860	4000	4350	8350

1860 жылы Перовскі форты ауданында егінші шаңырақтары санының азаюын Осмоловский өткен жылдары болған қуаңшылықтан деп түсіндіреді, № I форт [Қазалы – Ә.А] ауданындағы егінші санының азаюын Карамышев шегірткенің қаптауынан деп түсіндіреді [8, л. 7].

Л. Мейер Сырда және оның жағалауында егіншілік экономикасында шешуші орын алатын 25000 жуық қазақ отбасылары бар деуге болады деген тұжырымға келеді [7, с. 95].

Егістіктің қысқаруы алдыңғы жылдардағы Сырдарияның суының тапшылығынан болған құрғақшылықтарға және 1860, 1863, 1864 [3, с. 12] жылдардағы шегірткенің қаптауынан туындады, халық тұқым тапшылығына тап болды. Мысалы, 1861 жылы бидай

мен арпаның пұты 4 сомға жетті, ал тары 8 сомға [8, л. 7] дейін көтерілді, ал бұдан бірнеше жылдар бұрын бидайдың пұты 50–60 тиын тұрған еді.

1862 жылы орыс әскерилерінің деректері бойынша Сыр бойында егіншілердің саны Сырдария өзені суының тапшылығынан, құрғақшылықтардан, шегірткенің қаптауынан қысқарып жалпы өлкедегі 35000-дай шаңырақтың 10000-дай шаңырақ қана егіншілікпен, 25000-дай шаңырақ көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан.

XIX ғасырдың 60–70-ші жылдары Сырдария бойындағы аудандардың экономикасы алдыңғы онжылдықтың жыртығын жамап жатты. Бұрынғы көш жолдары қалпына келтіріліп, рулардың Сырдария бойына түпкілікті орналасуы жүріп жатты, бұған 1867 жылы Түркістан өлкесіне азаматтық басқарудың енуі ықпал етті, Сырдарияның төменгі ағысындағы қазақтар Перовскі мен Қазалы уездерін құрады. Уездер болыстарға бөлініп, әр болысқа шаруашылықтың белгілі бір саны бекітілді, олардың қыстайтын орындары көрсетілді, уезд басшылары адамдардың бір болыстан екінші болысқа өтіп кетуіне облыстық органдардың рұқсаты болмаса рұқсат етпеуі тиіс болды. Болыстарды құрған кезде билеушілер аймақтық белгілерді ескерді де, рулық-тайпалық белгілерді ескермеді, осыған байланысты азаматтық басқаруды енгізу, белгілі бір шамада, патриархалдық-рулық қатынастардың негізіне жік салып, олардың аймақтық қатынастарға айналуына ықпал жасай отырып, оң жағдай жасады. Бертін келе болыстардың аймақтары осы болыстарға бекітілген шаруашылықтардың меншігі сияқты болып кетті және олар өз аймақтары арқылы арық жүргізіп, егін салуға мүмкіндік берді. Белгілі бір ақы төлеп рұқсат алуға болатын еді, мысалы, балталы руынан шыққан қазақтар өз учаскелеріне Шиелі арығынан су бұрып алғысы келген кезде, осы арық солардың аймағынан өтетін қоңырат руы осы үшін 12 бұқа мен 100 пұт тары сұраған, сұрағандарын алды да (АӨЖМ) кей кезде, Байұзақ болысының қазақтары бірнеше ондаған шаруашылығы Қараөзек болысының маңына жақын орналасқан учаскелерге үш арық жүргізеді де бірнеше жыл бойы сол жерлерге егін салады, тіпті сол жердің қасына орналасып та алады, бірақ XIX ғасырдың аяғында Қараөзектік шаруашылықтардың өздеріне де егін салуға ыңғайлы жерлер тапшы бола бастайды да, Байұзақ қазақтарын өз болыстарына көшуге мәжбүр етеді, құжаттарда Бәйімбет, Жанбатыр арықтарының бойында Байұзақ қазақтарына тиесілі үйлер, отырғызылған ағаштар мен тұқым себілген егістіктер қалғаны туралы айтылған [9, л. 7].

2 – кесте. XIX ғ. 70-жылдарындағы егін салатын шаруашылықтардың көбеюі

Уездер	1866–1867 жж. [10 с. 41–42]			1877 ж. [11, с. 94]		
	Түгін саны	Соның ішінде егіншілікпен айналыс-қаны	Егін еккен түгін пайызы	Түгін саны	Соның ішінде егіншілік-пен айналыс-қаны	Егін еккен түгін пайызы
Перовскі	26645	6000	22,5%	19401	5981	30,8%
Қазалы	17680	4000	22,6%	21897	7115	32,5%

Барлығы	44325	10000	22,5%	41298	13096	31,7%

Кестеден көріп отырғанымыздай 10 жылдың ішінде егіншілер саны Перовскі уезінде біршама азайған, Қазалы уезінде 1,8 есе өскен және 1879 жылы соңғының егіс алқаптары 10000 десятинге дейін көбейді

Перовск уезіндегі отбасыларының азаюы болыс басшыларының шаңырақ саны туралы мәліметті бергенде әдетте, отбасы салығын төлегендерді ғана көрсеткен, қалғандары болыстан тыс жерге көшіп кеткен немесе жоқ етіп көрсетілгендіктен болып отырды. Сондықтан, әсіресе, XIX ғасырдың соңғы бөлігінде уездердегі халық саны біресе тым өсіп кетіп, біресе тым азайып кетіп отырды. Мысалы, Перовскі уезінің халқы 1886 жылы 115345 тең, 1887 жылы – 129980 ал 1888 жылы тек 103514 ғана болды.

1879–80 жылдары елді қатты жұтатқан жұт Қазалы мен Перовск уезінің ғана жұртын емес, Қазақстанның басқа да аудандарындағы қазақтардың жағдайын дағдарысқа ұшыратты. Жұт Ақмола, Торғай және Сырдария облыстарындағы қазақтардың қолындағы 13 миллион бас малының 6 млн. басын жойып жіберді. Сырдарияның бойында әсіресе Перовскі қазақтарының жағдайы тым қиындап кетті. Қазалы уезінде Әмудария бөлімінен [12, с. 152] астық әкелініп аштықтың алдын алды.

Сол замандағылардың айтуынша 1879–80 жылдары қыс, далалықтарға көп зардап шектірді, қалың қардан, боран мен көктайғақ мұздан [жұт] отарлар мен табындардың жартысынан көбі қырылып қалды, егінші-қазақтар санының көбеюіне әсерін тигізді.

Н. Дингельдштед 1880 жылдардан бастап егіншілік қазақтардың көбісі үшін жалғыз ғана тіршілік көзі болды, міне, осы кезден бастап, қазіргі кезге дейін жұмыс істеп тұрған арықтардың салыну уақытына қарай, қазақтар жерді суғаруға кіріскен.

1870 жылы Қазалы уезінде суармалы егіншілік қолға алынды. 1879 жылдан халық егіншілікке жаппай бетбұрыс жасады. Өйткені осы жылы қыстың қатал болуы, жем-шөптің жетіспеушілігі салдарынан малдың жартысынан астамы қырылып қалған болатын. Осы уақыттан бастап егіншілік халықтың өмір сүруінің негізгі көзіне айналды. Алайда патша үкіметі тарапынан көмек пен кеңес берудің жоқтығы салдарынан, еңбек етудің жаңа жағдайына көшу оңай болған жоқ. Қазалы уезінде бұрынғы егіншілерден қалған ескі арық іздерін қайта қалпына келтіру арқылы дихандардың егіншілікпен айналасуына қолайлы ықпал жасалды.

1890 жылғы жұт та ауыр тиді. Осы жұттардан соң Сырдария қазақтарының егіншілікпен айналысуы және отырықшылыққа көшуі кең қанат жая бастады. Егіншіліктің дамуымен шөп шабудың таралуы ілесе жүрді. Бұрын қамыс шабуға пайдаланылатын орақтар көп жерде шалғыға орын бере бастады, олар жылына мыңдап сатыла бастады және осы пайдалы құралға деген сұраныс жыл сайын өсе бастады, әсіресе қазақ жұрты жағынан. Оның үстіне су жайылмайтын жаған даланың шөбі де шабыла бастады. Ұй-жайлар мен егістіктерге жоңышқа

отырғызу кең етек ала бастады. Шөп дайындауды тек қана отырқышы, жартылай отырқышылар ғана емес, сонымен бірге көшпелілер де қолға ала бастайды, байлар өздерінің кедейленген туғандарына кейде басқа руларға бір-екі сиырын сауынға беріп, олар жайлаудан қайтқан кезде пішен, қамыс дайындап бергенін талап етті.

Қазақ халқының көпшілігінің егіншілікке және отырқышылыққа қарай ойысуы жер мәселесінің шиеленісуіне алып келді. Ру басылары, сұлтандар, байыған адамдар көп жерлерді басып алып, астық отырғызумен айналыса бастады, олар бұл кәсіпті тек пайдалы жағынан қарастырды, өздері көшпелі тұрмыстан отырқышылыққа немесе жартылай отырқышылыққа ауысуды ойламады да. Байлар, болыстық басқармалар тек бос жерлерді ғана емес, тіпті айдалып қойған жерлерді де тартып алып, иемденіп жатты. Қазалы мен Перовск уездері басқармаларының жер дауына байланысты істері, мұрағат құжаттарында өте көптеп кездеседі. Міне солардың біреуі, Қазалы уезінің бастығы Қаратөбе болысы қазақтарының Түркістан өлкесінің генерал-губернаторына жазған арыздарын қарай келе, оған 1884 жылы 28 сәуірде бұрынғы басқарма Үмбетмолда Қалиевтің Қызылбаевты ауылдастарымен қоса олардың бұрыннан өңдеп келе жатқан, мысалы, Сарыкөл сияқты жерлерінен қудалай бастағанын хабарлайды. Сонымен қатар олардың Сырдария өзенінің жағалауына салынған бақшаларынан, отырғызған ағаштары мен себілген жоңышқалары бар жерлерінен де қудалап жатқанын, ал Қызылбаев Нияздың кірпіштен салып алған үйі бар екенін айтқан [13, л. 32].

Сырдария бойындағы халықтың суғару жүйесін салуға белсене араласуы егіншілік пен отырқышылықтың маңызының артып келе жатқанын, малшылардың егіншілікке ауысуының болмай қоймайтынын білдірді.

Отыз жылдан асатын уақыт ішінде егіншілікпен айналысатын шаруашылықтар Перовск уезінде 2,5 есеге жуық, Қазалы уезінде 1,5 көбейді. Қазалы уезіндегі егіншіліктің баяулау дамуы, бәрінен бұрын, гидрогеографиялық жағдайының нашарлығымен түсіндіріледі, бұл жерде Сырдарияның атырауында суғару жүйесі жақсы жұмыс істеу үшін өзеннің негізгі арнасын бақылауға алу керек, бұған Қазалы қазақтарының күші жетпейтін еді, орасан зор қол күші мен материалдық қаражат керек болды, міне дәп соған байланысты ХХ ғасырдың басынан бастап Қуаңдария тармағы тартыла бастайды, оның бойында көптеген егіс алқаптары орын тепкен болатын. Халықтың біразы Орынбор-Ташкент теміржолының құрылысымен алаң болды. Темір жол құрылысын жүргізетін жерге және жақындауға болмайтын жолаққа егін егуге ыңғайлы жерлердің бір бөлігі кетіп қалды. Жол салу кезінде Сырдарияның жағасының бойымен су тасыған кезде жолдың астын су шайып кетпеуі үшін бөгеттер тұрғызылған, өзенді жағалай салынған ұзындығы 26 шақырым болатын, Қарашеңгел аңғарына келетін судың жолын бөгеген бөгет осылайша салынған еді, соның салдарынан ол жерде егін егу толық тоқтатылды [14, с. 64]. Перовск уезінде егіншіліктің жылдамырақ дами бастауы Перовск қазақтарының бұрыннан бері басқару түрі феодалдық-рақымсыз артта қалған Хиуа хандығына қарағанда ХІХ ғасырдың соңғы бөлігі – ХХ ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық дамуы жеделдей бастаған Түркістан-Ташкенттің егінші аудандарымен тарихи-мәдени және экономикалық байланыстарына байланысты деректермен түсіндіріледі, ал Қазалы қазақтары мұндай экономикалық-мәдени байланысты Хорезм жағымен жасасты.

Егіншіліктің аз тарағанына қарамастан, әсіресе Перовск қазақтарының арасында, ол майда парцелярлы сипатта болды, сондықтан оның тауарлығы төмен болды. Бұл құбылыстың себебі ауылшаруашылық құралдарының жетіспеушілігі, ал кейде тіпті егіншілікке ауысқан малшылардың тәжірибесінің аздығы, суғармалы егіншіліктің суалмалыға қарағанда күшті көп керек ететіні еді. Мысалы, күш-көлігі немесе аты жоқтардың тобында меншікті ауылшаруашылық саймандары тек 38,7% шаруашылықта ғана болды, ал олар Перовск уезіндегі шаруашылықтардың жалпы санының 20,4% құрайтын еді, бір аты бар шаруашылықтар 48,2% құрады, ал тек 63,2% ауылшаруашылық саймандары болды, алғашқылардың егістігінің орташа көлемі 1,3 десятина, екіншісінде 1,67 десятинаны құрады [15, с. 63–64]. Бұл шаруашылықтардың көбісі байларға жалынышты болып қалатын еді. Кейбір байларда 20 дейін егінші жұмыс істеді, оларға бай – сайман, жегетін мал, кейде тұқым беретін еді. Күзде олар байға жинаған астығының 1/2-ден 4/5- дейінін беретін, қалғаны кейде тіпті отбасын асырауға да жетпейтін (АӨЖМ).

Егіншілік пен отырықшылықтың дамуына байланысты Сырдария бойындағы қазақтардың мал құрамында маңызды өзгерістер болып жатты.

Екі уезде, 25 жыл ішінде ірі қара мал басы нақты және салыстырмалы түрде, әсіресе Перовскі уезінде көбейді. Бір қызығы, Перовскі уезінде отырықшы, жартылай отырықшы шаруашылықтардың өсіріп отырған ірі қара және ұсақ малдарының өсімі негізінен, қой үлесінің төмендеуі есебінен жүрді, оларды негізінен көшпелілер өсірді, ал Қазалы уезінде ірі қара мен ұсақ мал басының өсімі, негізінен, түйенің үлесінің төмендеуі есебінен жүрді және де қой басы көбейді, бұл да Перовскі қазақтарының Қазалы қазақтарына қарағанда егіншілік пен отырықшылыққа көп мән бергенін білдіреді. Қазалы уезінде түйе басының азаюы, мал бағатын шаруашылықтардың көбісінің көшу сапарларының қысқаруының салдарынан болды, бұл әрине түйенің алысқа көшкен кездегі жүк тиеу көлігі ретіндегі маңызын азайтты.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Бартольд В.В. К истории орошения Туркестана. – СПб.: ГУЗЗ, 1914. -174 с.
- 2 ЦГА РУз. Ф.И-715. Оп.1. Д. 151. Л. 359.
- 3 Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. – СПб.: Обществ. повза, 1867. – 231 с.
- 4 Шойынбаев Т. Восстание Сырдарьинских егінші в 1856–1857 гг. // Известия Каз ФАН СССР. - 1946. - № 2. – С. 104–112.
- 5 Казанцев И. Описание киргиз-кайсаков. – СПб.: Обществ. повза, 1867. – 231 с.
- 6 ЦГА РУз. Ф.И-715. Оп.1. Д. 151. Л. 359.
- 7 Мейер Л. Киргизская степь Оренбургского ведомства [Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба]. – СПб., 1865. – с. 297.
- 8 ЦГА РК. Ф. 383. Оп.1. Д. 203. Л. 7.

9 ЦГА РК. Ф. 383. Оп.1. Д. 109. Л. 4.

10 Макшеев А.И. Географические, этнографические и статистические материалы о Туркестанском крае // Записки РГО. По Отделению статистики. – СПб., 1871. -Т. 2. – С. 1–60.

11 Васильев Н. Кочевники Туркестана. Опыт экономического обзора. – Самарканд, 1890. – 161 + 2 с.

12 Туманшин К. Развитие торговли в Петропавловске в 60–90гг. XIX в. // УЗ КазГУ. Сер. историч. - Т.38. - Вып 4. – Алма-Ата, 1959. – 85 с.

13 ЦГА РУз. Ф.1. Оп.14. Д. 498. Л. 32.

14 Дингельштедт Н.Н. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сырдарьинская область. – СПб., 1893. - Т.1. – 513 с.

15 Материалы по киргизскому землепользованию. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. – Ташкент, 1912. – 394 с.

Резюме

Автор на основе анализа архивных материалов и письменных статистических источников проводит обзор особенностей развития и освоения земледелия казаками Сырдарьи (Перовский и Казалинские уезды) в XIX в. и середине XX в.

Summary

In given article the author on the basis of the analysis of archival materials and written statistical sources conducts the review of features of development and development of agriculture by Kazakhs of Syr-Darya (Perovsky and Kazalinsky districts) in XIX century and the middle of XX century.

12.12.2012 ж. түсті